

# ДАЛА ӨСКІНДЕРІ, АҢ-ҚҰСЫ


Жасым сексенге шықты. Ендігі жерде өндіріп бірдеңе жазатындай шама жоқ.Ойда жүрген дүниелер бар, бірақ оған жағдай келмейді. Мида қозғалыс болғанымен көңіл орнында болмаған соң, жазуда береке калмайды екен. Бетінен қарпып сырғыта беруге ұятым жібермейді. Жеңіл жазу маған қол емес. Онсыз да өрісі тарылып тығырыққа тірелген жан шіркінді қинай бермей неге осы тыныш қана жүрмеймін?! «Болмайды!» - деймін өзімді жігерлендіріп. Өлі жатамыз мәңгіліктің күн­дағында.» Енді не істесем екен!? Ес білгеннен далада тұрып келемін. Мендегі бар қарым-қабілет даладан ауысқан. Дала менің қозғаушы күшім, одан бір сәт көз жаздым ба, онда мені уайым еңсеріп мұң қармайды. Берекем кетіп зықым шығады. Даланың аңы, құсы «мені жаз, мені жаз» деп және тұртпектейді. Қыр төсінде ұысқан өскіндері де алақан жайып: «Бізді қайда қалдырасың?!» - дейтін сияқты. Қара сөз шұбалаңқы, оқырманға ауыр тиеді. Ұйқасты өлең (нағыз поэзия емес) ертеулі атғай жинақы келеді, міне салып шаба жөнелесің дегендей. Жазған дүниенді (кітабынды) оқыған адамға жеңілдік келтіреді. Ойынды пышыратпай орамалға түйгендей етіп ұсынасың көзі қарақты жанашыр оқырманға. Бұл менің өз топшылауым, басқалар қалай ойлайды, оны өздеріне қалдырдым. Тірі адамның күнкiлi таусылушы ма едi: «Мына қасқан прозаны өндіре алмаған соң, далбастап ақындыққа ауысқан ба?!» деп жүре ме деген ұзын ой ғой менкі. Реті келгенде айта кетейін, прозаға да дендеп барып, екі роман жүзден аса әңгіме, отызға тарта хикаяттар жаздым. Бәрі шетінен сәтті жазылған деуге келмейді. Сөйтсе де өз көңілімнен шыққан, оқырманнан бағасын алған соқталы прозалық шығармаларым баршылық. Бір көлемді прозалық шығарманы 2020 жылдың бірінші қаңтарынан бастап қолға алдым, аяқтап кетсем жақсы болар еді. Сөз бағасының түсіп көркем әдебиеттің бағы тайған кезеңге тап болып

<b>ДАЛАНЫҢ ӨСКІНДЕРІ КӨДЕ</b>	
Кекіліндей құлынның күлтеленген, Тамыр тартқан ойпаңнан, қыр-белеңнен.	
Өскелеңі өскіннің күй талғамас, Шөлiркесең жаңбыр боп жыр себем мен. Мал да ынтық, өзіңе аң да ынтық, Көмейлете ұйпайды тіспен қыршып. Арқар, елік, бауырын төсер саған, Ақ мамықта дамылдар аңдар тыншып.	
Жусандар, тарлау, изен,бетегелер, Жайылым сендерменен еселенер, Кеңшілік етiндершi кешiрiм қып, Шеп асылы көде ғой десем егер.	
<b>КИИК ОТЫ</b>	
Не себептен аталған - «Киикоты?» Мазалайды қашаннан сұрақ, осы. Қыңқылдап әкемнен де сұрайтын ем, Келгенде шешілетін көңіл қошы.	
Ерте бір мамыражай кезеңдерде, Киіктер жүйткігенде белеңдерде. Пысықырып аяқ асты мазаланып, Тынысы тарылыпты шыққанда өрге.	
Жел кеулеген танауға құрт түсіпті, Қоймай-қоймай тыпыршып пысықырыпты.	
Желден жүйрік киіктер ғарып болып, Бөрілер бөкендерді қылғып жұтты.	
Марқасқа-жол бастайтын топ басшысы, Абызы бөкендердің болған құты. Танауына жағымды иіс келіп.	

Шет шұғыласы. - 2020. - 6 тамыз (№32). - 4 б.

тұрмыз.. Көркем әдебиет (роман, хикаят, әңгімелер) электронды құралдарға теледидар, интернет, түрлі көрсетілімдерге көшіп кетті. Осыдан барып кітаптың бағасы түсіп, кітап оқу қожырады. Көркем шығарма ғұмыр-тіршіліктің өтті-кетті көріністерін көңілсіз баяндайтын әншейін бір қажеттілігі аз өгей де жат жазбаға айналып барады.Адамзат баласымен бірге жасасып келе жатқан көркем сөзде құн қалмады. Интернет желілері бүтін дүниені жаулап алды. Алла абзал жаратты делінген адамдардың іші-тысы жарияға шығып, өсек-аяңның нысанасына айналды. Әдебиет пен өнер ақшаның жетегінде кетті. Ақшаның амалы- адамдардың ар­ожданын, ұятын саудаға шығарып жіберді. Ақша табу жолында адамдар мал-жаны былай тұрсын ар-ұятын да саудалауға бар. Адамзат баласын тура жолға бастаған сандаған заманалардан бері ет жүректі пендені адамдық қасиетке баулыған - рухани оқулық әдебиетке деген қажеттілік азайды. Рухани байлықтың бастау көзі кітап аяқ астында қалып, көз түрткіге ұшырады. Дүниеге ентелеген обырлар табиғат байлығы даланың аң-құсын, сандаған өсімдігін де типылдауға кірісті. Соған аздаған қарсылық менің бұл әрекетім. Әйтпесе, тосын бір тақырыпты қаузап, әдебиетте жаңалық ашудан аулақпын. Басқаларда жұмысым жоқ, өзімнің жан айқайым бұл. Атемекенге деген перзенттік махаббатымның бұлқынысынан туындаған ойларыма сөз түсінетіндер оң қабақ танытып дұрыс қабылдаса онда менің еңбегімнің өтелгені. «ДАЛА СЫРЫ» атты кітабым басылып шықты. Өсімдік пен аң-құсқа арналған мына топтама өлеңдерім «Дала сыры» кітабының жалғасы есепті еді. Жалғастыруға мұрша болмай қалды. Тосыннан киліккен індетке тап болдық. Ақырын оңғарсын деп тілейік Жаратушы Иеден. Индетке алаңдаған үлкен-кішіге дәру есебіне болсын деген тілеулестікпен ұсындым мына өлең топтамаларын.

Еселенді ғайыптан жігер-күші.	
Солай қарай үйірді бастап жүрді, Көз алдында жайқалып шөптер тұрды. Хош иісті ғажайып нәзік гүлдің. Кереметін бөкендер иіскеп білді.	
Тұмсықты киік біткен гүлге төсеп, Қаптады бөкендерде болмай есеп. Ашылып танаулары тыныс кеңіп, Содан да күні бүгін желдей есет.	
Болған соң киелі аңның көңіл қошы. Сол қисынмен атанған «Киік оты!» Аңқыма жұпарына аңдар ынтық, Нәзік шел жар жиектеп тұрған осы.	
Киикоты - кезінде қаптап өскен, Көк бастанған гүлінен жұпар төккен. Даланың нәзігі еді, ажары еді, Сирексіп кеткені оның не себептен?!	
Кезінде жұпар гүлмен күбі ыстаған Кеудеде желі барлар тыныстаған. Жатқанда белге орап көк майсасын, Денеге қуат біткен құрыстанған.	
Жігіттер бойжеткенге ұрынғанда, Көк желек тұрады екен гүлі қолда. Ынтығы ғашықтардың артады екен, Жұпар гүл көкірекке құйылғанда.	
Кәрілер иіскесе оны жасарады, Ілһәмi қуаттанып оталады. Құмартып марал, елік ентелейді, Содан да «Көкемарал» аталады.	
Көкемарал кездесер таулы өңірде, Гүлдердің ұқсап бейне өрнегіне.	



**Өмір КӘРІПҰЛЫ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**

<span>Сыңары киикоты сияқтанды, Алатау төскейінен көргенімде.</span>
--

Аталған «Киикоты» біздің жақта, Онымен әурелендім жастық шақта. Мұрныма күніге бір апарушы ем, Көңілді мұң иектеп уайым басса. Сүмбіл шашы даланың желкілдеген, Қош иісті өтірі сенсің ерен!

Саған деген көңілдің кіршігі жоқ, Неге ғана алыстап кеттің менен? Дала кезіп ұзақ күн сені іздедім, Топырағыңнан мұның не жеріңгенің?! Бетегелі белеңдер күңіреніп, Аңсайды киикоты өрімерін.

### ЖУСАНДАР

Шөптің нағыз бұласы, Бойында мол қуаты. Күш бітірген мал-жанға, «Қуат» екен шын аты.

Төскейде қойша жусаған, Бүрленіп жонды қымтаған. «Жусан» деп содан атанып, Жетіпті онша-мұшадан.

Бекер деме сөзімді, Жеткізейін көзіңді. Табиғат ана жомартсып, Сыйлапты оған төзімді.

Қысырап бұлттар безерген, Шөлiркеп дала кеберген. Шөп біткен қурап жатқанда, Болмашы дыммен теңелген.

Ғайыптан жусан бүрленіп, Өзгеше жұмсақ, түрге еніп. Даланың өңін кіргізген, Бағалар оны кім көріп?

Бекер деме сөзімді, Жеткізейін көзіңді. Кешегі өткен бабалар, Жусаннан алған төзімді.

Бұғынбай жаудан қаптаған, Тағдырға төзіп тас табан. Жусанды бойға қуат қып. Даладан қия баспаған.

Шағыр жусан, боз жусан, Ойда-қырда көп жусан. Сендерді қалай қиярмын, Ажал жетіп көз жұмсам.

Арқар жусан, қой жусан, Бел-белесте мол жусан. Еске алыңдар мүсіркеп, Бұйрықтан озбай көз жұмсам.

Қазаға қандай мұрша бар, Менсіз де атар нұр-таңдар. Белеңде тыншып жатқанда, Қабірімді қымтаңдар.

### ТОБЫЛҒЫ

Тобылғымен етене тіршілігім, Содан бойға жұқтырдым жыр шырынын.

Күбі ыстайды, торсықты, сабаны да, Өзгеше қуаты бар түтінінің.

Тобылғыға ысталған сүр ет қандай, Сүр ет десе уылжыр тіл мен таңдай. Сүр ет- нағыз қымыздың басытқысы , Өлі күнге аңсаймын ұмыта алмай.

Дәстүр-салтым, тілім деп жар сап жүрмін, Айта-айта жалығып шаршап жүрмін. Тор жорғаны тайпалтқан қайран күндер, Тобылғы сапты қамшыны аңсап жүрмін.

Қамшы төрде ілулі тұрсыншы деп, Дабыралап ұрандап жар сап жүрмін. Қасиеті қамшының керемет деп , Айта-айта қазаққа шаршап жүрмін.

Тобылғылы шұбардың шөбі қою, Текеметтің түріндей бейне ою. Құлазып тұр, бүгінде аңырап тұр, Өрістетіп мұң болды қойды жаю,

Ғанибет қой отарды өрістеткен, Тобылғылы шұбарда шиендеткен. Аңырап тұр құлазып бел-белестер, Аң мен құстан жүрдай боп сәні кеткен.

Тобылғы-өскіннің ең шымыры еді, Алдырмас азулыға қыңыр еді. Өзегін қызыл жалын өрт алғанда, Күйікке шыдай алмай бүгіледі.

Қазақтың көк ордасы Даласы алып, Еркін ел ерлеп тұр ғой қала салып. Иесіз бел-белесті өрт жалмады, Тобылғылы өзекті күйік шалып.

Даланың шымыры едің, шыдамы едің, Шырғайдың тұқымдасы сыңары едің. Қысыраған бұлттарды мәнзүр қылмай, Жапырақ жайып бүрленіп тұрар едің.

Мен бүгілдім, қартайдым қуат қашты, Сен бүгілмей бүрленіп тұра бергін!

### ШЫРҒАЙ

Тастақты беткей шырғайың қайда асылың, Жылыны шарпып оғы тиді ме жасынның. Тау-тасты кезіп қамшылық шырғай таба алмай,

Тоналып қалған жолаушыдай боп отырмын. Тастан да қатты қайсары едің өскіннің, Телісі едің, тентегі едің тектімнің. Тауыңды тастап беткейді тұл қалдырып, Беймезгіл шақта келмеске неге бет бұрдың!?

Тасқа ұрса да шытынамайтын шымырым, Сабаласқанның қақ бөліп түсер құрығын. Қарыспа қайсар мінезің бар ед бірбеткей, Соданда сірә шектелді ме екен ғұмырың?

Жан себіл едің тастан да қорек алатын, Қия беткейде торалып бүршік жаратын. Тірліктен мына беймезгіл неге түңілдің? Білмейтіндер қылды қастық шамасын. Сұлу өрім қамшының көркі сәні едің, Көріге таяқ демесін едің, әлі едің. Тірлікке жалған қасарып қарсы тұратын, Таяныш етер қарттарға демеу сен едің. Кімдер келіп кетпеген дейсің жалғанға, Не жетсін шіркін толықсып атар таңдарға.

Қайсар да бекем шырғайды еске алғайсың, Теректі сайға сарымсақ қаза барғанда.

### ЖАЛБЫЗ

Теректі сайға барғанмын, Гүл шөптен үзіп алғанмын.

Хош исі мұрын қытықтап, Жұпарына таң қалдым.

Жеткенше үйге жүгірдім, Шешеме келіп жүгіндім. Шай жапырақ екенін, Апамнан естіп ұғындым.

Табиғат ана өнікті, Аямай жеміс төгіпті. Мың-сан шөптің ішінен, Жалбызды ерек көріпті.

Көңілі оған босапты, «Жалғызым» деп атапты. Білдіріпті қызғаныш, Шығарып шөптер шатақты.

Шөптерге мың сан безерген, «Бәріңді бірдей көрем мен. - Тереңнен толғап-Жер-Ана-Осыным қымбат дегенмен,»

«Жалбыраған шәші бар, Гүлінен жұпар шашылар Жалбызға аты лайық, Осыған пікір қосыңдар»

Депті ғой Жер жарықтық, Өскіндерін қарық қып, Шешемнен ұққан аңыздың, Қасиетін жаңа ұқтым.

Шөп жұпары жалбыздар, Ескінің көзі жалғыздар. Даланы кезіп таппадым, Қай сайда бұғып қалдыңдар?

### ҚАРАҒАНДАР

Кәдімгі құлан жалды қарағандар, Өскінді біле алмадым одан абзал. Тұрады қашан көрсем қоңырайып, Дейтіндей менде өзгеше қасиет бар. Ықтасын жан-жануар аң мен құсқа, Алақан жаятындай көкте бұлтқа. Қыста қар, жазда жаңбыр үйіріліп, Ақ жаңбыр төгіледі осы тұсқа.

Бауырын ажыратпай боз даладан, Кең жайып керегесін жазбалаған, Ғашықтар саясында қыдырыстап, Өніне басады екен «Боз қараған!»

Біреулер маған күле қараған, Қабағын түйіп сүзе қараған. Олқы көрме өскіндерімді. Тоғайдай әсем-«Түйе қараған»

Біреулер бар сынай қараған, Қысынды сөзге қырын қараған. Ішің күйсе тұз жала деймін, Даланың сәні-«Құлан қараған.» Бәрінен де дара қараған, Дегенге тұрар ана қараған. Аңызакты мәу демейтін, Тағы да бар - «Қара қараған.» Өзінше ол да бұлды қараған, Бәрінен де құнды қараған. Тасты жарып беткейде өскен, Осал емес «Жүнді қараған.»

Қарағандарым, қара жалдарым, Шыдамды да шымыр дара боздарым. Жан-жануарды аялағаның үшін де, Көртайғанда саған өлең арнадым. Даланың сендер ажарысыңдар, Жан-жануардың базарысыңдар. Болмашы дымқыл бойыңа қуат, Неге де көмпіс бағалысыңдар.



Жалғасы бар.